

# Қазақстан Республикасы мектептері мен колледж кітапханашылары арасындағы «Ең үздік кітапханашы 2024» байқауының

## ЕРЕЖЕСІ

### 1. Байқаудың мақсаты мен міндеті

#### 1.1. Байқау мақсаты:

Байқау ҚР колледж және мектеп кітапханашылары арасында кітапханашылардың шығармашылық әлеуетін және кәсіби шеберлігін дамыту, кітапхананың беделін көтеру, кітапханашылардың инновациялық жұмыс тәжірибесін насихаттау және көпшілікке таныту, саланың кәсіби құндылықтарын көтеру мақсатында өткізіледі.

#### 1.2. Байқаудың міндеті:

- ҚР мектеп және колледж кітапханашылары арасында үздік, бастамашыл мамандарды анықтау, олардың жұмыс тәжірибесін зерттеу және насихаттау;
- Кітапханашылардың инновациялық, сандық, коммуникациялық технологиялар негізінде кітапханашылардың кәсіби деңгейін көтеру;
- Оқу үдерісін ақпараттық-цифрлық қамтамасыз ету кезінде, рухани-адамгершілік, отансүйгіштікке тәрбиелеу және оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын дамытуда кітапхана қызметінің сапасын көтеру;
- ҚР мектептері мен колледжіндегі кітапхана ісі міндеттеріне қоғам назарын аудару, сонымен қатар балалар мен жасөспірімдердің цифрлық жүйені пайдалана отырып кітап оқуына қоғам назарын аудару;
- ҚР мектептері мен колледждеріндегі кітапхана қызметкерлерінің кәсіби қоғамдастығын кеңейту және шоғырландыру;

### 2. Байқау қатысушылары

2.1. Байқауға қатысуға меншік нысанына қарамастан ҚР мектеп және колледж кітапханашылары шақырылады. Кітапханашылардың жұмыс тәжірибесі мен жасына шектеу жоқ.

Байқау өз жұмыс тәжірибесін қалың көпшілікке көрсетуге, бөлісуге дайын белсенді, шығармашыл кітапханашылар арасында ұйымдастырылады.

### **3. Байқауды ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары мен бағалау талаптары**

3.1. Байқау білім беру ұйымы кітапханашысының кәсіби құзыреттілігі, шығармашылық бейімі, инновациялық, цифрлық құралдарды пайдалану арқылы кітапхана қызметін бағалауды қамтиды.

3.2. Байқауды ұйымдастырудың негізгі принциптері:

- өз еркімен қатысу
- ашықтық
- объективтілік
- барлық қатысушылардың бірдей мүмкіндігі

### **4. Байқауға қатысуды бағалаудың негізгі талаптары**

4.1. Басты талап жұмыс сапасы:

- ұсынылған шығармашылық материалдардың мазмұны мен формаға сәйкес келуі;
- тақырыптың ашылуы;
- авторлық шешім және өзгеше идея;
- ақпараттық-цифрлық технологияларды пайдалану;
- дизайн сапасы;
- байқау талабына сай материалдар: фото, аудио, бейнематериалдар.

#### ***1-ші талап:***

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» («ЧИТАЮЩАЯ ШКОЛА») – «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мектеп кітапханашысының көзқарасы (А4 форматында 3 беттен кем емес Times New Roman 14 өлшеміндегі шрифт немесе PowerPoint - 4 слайды).

#### ***2-ші талап:***

Соңғы 3 жылдағы байқау жұмысын бейнелейтін фото және бейне материалдың болуы.

Үздік бұқаралық іс-шараның бейнеролик (тері), слайд жұмыстары.

2021-2024 жж өткізілген іс-шаралардың фото, бейне материалдарын ұсыну.

#### ***3-ші талап:***

Кітапханашының біліктілігін жоғарылату курстарын өткен сертификаттары мен грамоталары арқылы өзін өзі таныстыру.

#### ***4-ші талап:***

Ақпараттық-цифрлық технологияларды қолдану.

Цифрлық кітапхана жүйесінің болуы және электронды кітапхана (электронды каталог).

## 5. Байқаудың кезеңдері мен мерзімі

**I кезең:** ӨТІНІМДЕР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ/РЕГИСТРАЦИЯ  
21 сәуір 2024 ж. - 01 қыркүйек 2024 ж.

**РЕГИСТРАЦИЯНЫҢ СІЛТЕМЕСІ:**  
<https://qazaqmura.kz/index-ru.html#konkurs>

**II кезең:** МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАРАУ  
02 қыркүйек 2024 ж. - 20 қазан 2024 ж.

**III кезең:** ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ  
20 қазан 2024 ж. - 24 қазан 2024 ж.

**IV кезең:** АЛМАТЫ қаласында МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТТАУ  
24 қазан 2024ж. сағ: 14:00

ҚР Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы. Алматы қ. Асқарова 47Б көшесі.

### 6. Әділқазылар мүшесі келесі функцияларды атқарады

6.1. Толық құрамдағы байқаудың әділқазылары толық құрамда бағалап, қорытынды шығарып I, II, III орын дипломдар мен грамоталарды тағайындайды.

Жүлде қоры: 1 000 000 теңге

1-ші орын: 500 000 теңге

2-ші орын: 300 000 теңге

3-ші орын: 200 000 теңге

6.2. Материалдарды қарау кезінде Байқаудың қазылар алқасы үміткерлерді келесі талаптар бойынша бағалайды:

-қызметкерлер ұсынған ақпараттың көлемі мен сапасы;

-материалдың мазмұндылығы;

-байқауға қатысуға өтінім берген кітапханашының презентациясы (материалдың қызықты, ерекше ұсынылуы; шығармашылық қадам мен сөйлеу сауаттылығы, жұмыс дизайнының сауаттылығы).

6.3. Әдістемелік жұмыстарда жаңа цифрлық технологияларды қолдану(әдістемелік әзірлемелер, оқу-әдістемелік кешен, хабарламалар, баяндамалар, әдістемелік ұсыныстар, бағдарламалар, жоспарлар) өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламалары да құпталады.

6.4. Конкурстың қазылар алқасы ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен шешім қабылдайды, ол хаттамамен ресімделеді және төраға мен қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

6.5. Қазылар алқасының орындарды беру туралы шешімі марапаттау рәсімінде жарияланады, бірақ сонымен бірге ол соңғы шешім болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

6.6. Диплом мен сертификаттарды табыстау онлайн форматта жүзеге асады.

**24 қазан 2024 жылы Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы. Алматы қ. Асқарова 47Б көшесі.**

